

"Қазақстанның депозиттерге  
кепілдік беру қоры" АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2021 жылғы 18 мамырдағы  
№ 13 шешімімен бекітілген

**Банктік шот және (немесе) банктік салым шартын жасаған  
клиент - жеке тұлғаны хабардар ету**

1. Осы арқылы" Еуразиялық банк "АҚ (бұдан әрі – Банк) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне өзінің қатысуы, осының дәлелі ретінде Банкке 2004 жылғы "24" желтоқсандағы №15 куәлік берілгені туралы хабардар етеді.

2. "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес Сіздің депозитіңіз (салымыңыз) <sup>1</sup>депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады.

Банк барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айырылған жағдайда "Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры" АҚ (бұдан әрі – ҚДКБҚ) Банк барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиядан айырылған күннен бастап 35 жұмыс күні ішінде сіздің депозитіңіз (салымыңыз) бойынша кепілдікті өтемді төлеуді бастайды. Мұндай төлем Заңда белгіленген кепілдікті өтемнің ең жоғары сомасы шегінде жүзеге асырылатын болады.

Кепілдікті өтемді төлеудің басталуы мен тәртібі туралы, сондай-ақ кепілдікті өтемді төлеуді жүзеге асыратын агент-банктер, төлем кезеңі мен орындары туралы ҚДКБҚ хабарламасы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ [ҚДКБҚ-тың www.kdif.kz](http://www.kdif.kz) интернет-ресурсында орналастырылады.

3. Кепілдікті өтемді алу үшін сізге **кепілдікті өтемді төлеу басталған күннен бастап бір жыл ішінде:**

ҚДКБҚ-ға электронды нысанда ҚДКБҚ-ның электронды төлем порталы немесе «электрондық үкіметтің» веб -порталы арқылы немесе

агент-банктер тізімінен таңдалған агент-банкке өтініш беру қажет.

Кепілдікті өтемді төлеу растайтын құжаттарды қоса бере отырып, сіз кепілдікті өтемді төлеуге өтініш берген күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады. Кепілдікті өтемді төлеуге арналған өтініштердің нысандарымен және растайтын құжаттар тізбесімен [ҚДКБҚ-ның www.kdif.kz](http://www.kdif.kz) интернет-ресурсында таныса аласыз.

4. Кепілдікті өтемді төлеу мерзімінің аяқталу күні туралы ҚДКБҚ-ның хабарламасы төлем мерзімі аяқталғанға дейін 30 жұмыс күні бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында және ҚДКБҚ-ның интернет-ресурсында, сондай-ақ ҚДКБҚ-ның қалауы бойынша ақпарат берудің қосымша тәсілдерімен жарияланатын болады.

5. Егер төлем **басталған күннен бастап бір жыл ішінде Сіз белгіленген тәртіппен кепілдікті өтемді** алуға өтініш білдірмесеңіз, бұл жағдай Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында көзделген тәртіппен ашылған ерікті

---

<sup>1</sup> банктік шот және (немесе) банктік салым шартымен куәландырылған банктік шот

зейнетақы жарналарын есепке алу үшін сіздің жеке зейнетақы шотыңызға кепілдікті өтем сомасын ҚДКБҚ аударуға сіздің келісіміңіз ретінде танылатын болады.

6. Сіз кепілдікті өтемді төлеу мерзімін өткізіп алған жағдайда, сіз ҚДКБҚ-ға кепілдікті өтемді төлеуге жазбаша өтініш бере аласыз және Заңда көзделген осындай өткізу үшін дәлелді себептер болған кезде ҚДКБҚ сізге кепілдікті өтем сомасын төлей алады. Бұл ретте мұндай өтініш банк түпкілікті таратылғанға дейін немесе "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сізде ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдеріне құқық басталғанға дейін берілуі мүмкін.